

## Шығыс Қазақстан облысының тұсті металлургия кәсіпорындарын дағдарыстан шығару жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 сәуір N 425

Шығыс Қазақстан облысының қорғасын-мырыш салалық кәсіпорындарын қаржылық-экономикалық сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мына акционерлік қоғамдар: "Зырян қорғасын комбинаты" 85 проценті, "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" - 52,3 проценті және "Лениногор полиметалл комбинаты" - 69,3 проценті мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакеттерін "RIDDER INYEST" инвестициялық компаниясының сырттай басқаруына берсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына "Зырян қорғасын комбинаты", "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Лениногор полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамдарының жарғылық қорынан акцияларының 51 проценті мөлшерінде кепілдікті жүзеге асыруға құқық бере отырып, инвестицияларды тартудың кепілдігі ретінде "RIDDER INYEST" инвестициялық компаниясымен сырттай басқаруға жасасқан контрактіге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қою өкілеттігі берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың кредиторларымен бірлесіп кредиттік берешектерді өтеудің мерзімі мен кестесін айқындасын.

4. <\*>

5. <\*>

Ескеरту. 4, 5-тармақтардың күші жойылған - ҚРУ-нің 1996.11.29.

N 1453 қаулысымен. P961453\_

6. "RIDDER INYEST" инвестициялық компаниясы Өскемен, Лениногор, Зырян қалаларының әкімдерімен бірлесіп бір апта мерзім ішінде "Зырян қорғасын комбинаты", "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты", "Лениногор полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамдарының әкімдер балансына беруге жататын әлеуметтік сала объектілерінің тізбесін айқындасын және бір ай мерзім ішінде оларды беру сәтінде жұмыс істеп тұрган жағдайда беруді жүзеге асырсын.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі қабылданған әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыру мәселесін оларды оңтайландыруды ескере отырып шешсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде жоғарыда

аталған акционерлік қоғамдарға қосылған құнға салынатын салықты өтеу тетігін әзірлесін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Малеев кенішінің құрылышына және "Долинное" кен орнын әзірлеуге арналған инвестициялық жобаны 1996-1998 жылдарға арналған инвестиациялық басым объектілер тізбесіне енгізсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 15 қарашадағы N 1534 қаулысының 8-тармағында көрсетілген объектілерді беруді, кірпіш зауытын салу кезінде жинақталған берешектерді өтеуді ескере отырып, аяқтасын.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Шығыс Қазақстан облысының әкімі бір ай мерзімде Үкіметке Өскемен қаласындағы емдеу-сауықтыру кешенін салу кезінде жинақталған, орындалған жұмыстар бойынша борыштарды толық өтеу және оның құрылышын жалғастырудың мақсаттылығы туралы ұсыныс енгізсін.

11. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Долинное" кен орнын әзірлеуге арналған лицензияны "Лениногор полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамына белгіленген тәртіппен ресімдесін.

12. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі және "RIDDER INYEST" инвестициялық компаниясының басшылары бір ай мерзім ішінде жоғарыда аталған акционерлік қоғамдарының босатылған қызметкерлерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бағдарламасын әзірлеп, бекітсін.

Босатылған қызметкерлерді кәсіби даярлауға және қайта даярлауға

байланысты шараларды қаржыландыру Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылсын.

13. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 15 қарашадағы N 1534 қаулысының 2, 3, 4-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

14. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК